Брекса өзенінің «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамадан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 9 таксон айқындалды. Олар Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae, Crustacea түрлері. Биотикалық көрсеткіші 8ге тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Trichoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae, Vermes, Heteroptera түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 6

тең, су сапасы III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

**Тихая өз.** 2019 ж. мамыр айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 16,7 % құрады, екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 10 % құрады, өткір уыттылық болған жоқ.

Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада түрлердің аздығына байланысты сапробты көрсеткіш мәнін есептеу мүмкін болмады. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада балдырлардың 7 түрі айқындалды. Кездесу жиілігі 1-4 аралығында болды. Сапробты индекс 1,51 су сапасы II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады.

Тихая өз. «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Plescoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Vermes қауымдастығынан 8 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Ephemeroptera, Diptera larva қауымдастығынан 6 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, су сапасының II класына сәйкес – «*таза сулар*» санатына жатқызылады.

**Үлбі өз.** 2019 ж. мамыр айында алынған су сынамалары әр түрлі деңгейде тіркелді. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өліп қалған дафниялар 13,3% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлген дафниялар саны 3,3% құрады. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 3,3%. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» өлген дафниялар саны 10% құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар саны 26,7% құрады, өткір уыттылық жоқ.

«Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада су сапасы II класқа сәйкес «таза» болды. Сынамадан диатомды балдырлардың 6 түрі анықталды. Басым түрлері

*Ceratoneus arcus* (5бал) болды. Сапробты көрсеткіш 1,1 тең. Тишинск кенішінің шахта сулары төгіндісінен төмен «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада балдырлардың 5 түрі айқындалды, кездесу жиілігі 2-3 бал. Сапробты көрсеткіш мәні 1.47 тең. Судың сапасы II класқа жатады. Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада Сапробты көрсеткіш мәні 1.47 тең. су сапасының II класына сәйкес – «таза сулар» санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен, өзеннің сол жақ жағасы «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамада балдырлардың 10 түрі диатомды 1 түрі жасыл болды. Кездесу жиілігі 1-4 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,81 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 2 түрі айқындалды. Сапробты көрсеткішті анықтауға түрлер аздығынан мүмкін болмады.

Үлбі өз. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громатуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» макрозообентос құрамынан Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera қауымдастықтарының 6 таксоны айқындалды. Су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар. «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustaceae қауымдастықтарының 5 таксоны айқындалды. Су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар. Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамадан судың сапасы I класына сәйкес, «өте таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс мәні 10 құрады. Макрозообентос құрамынан Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae Arachniidae қауымдастықтарының 24 таксоны айқындалды. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» және «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» оң жақ жағалауынан алынған сынамада Plecoptera, Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae түрлері болды. Биотикалық индекс мәні 8ге тең. Су сапасы II класына сәйкес – «таза сулар» санатына жатқызылады.

**Глубочанка өз.** 2019 ж. мамырайында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 13,3% құрады, өткір уыттылық жоқ. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық жоқ, өлі дафниялар 6,7% құрады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары,

(01) сол жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 3,3% құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ.

Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 5 түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Gomphonema olivaceum* (5 балл) түрі болды. Сапробты индекс 1,95, сапа III класс. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 5 түрі анықталды. Сапробты индекс 1,83, су сапасы III классқа сәйкес «орташа ластанған» сулар. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамада түрлер санының аздығынан сапробты көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамасы макрозообентос сынамасында Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustaceae, қауымдастықтарының 7 таксоны анықталып тіркелді. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класс, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамадан Trichoptera, Diptera larvae 6 таксоны айқындалды. Биотикалық индекс мәні 6 құрады. Су сапасының III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамада да су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған» сулар. Биотикалық индекс мәні – 5 ке тең.

**Красноярка өз.** 2019 ж. мамыр айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. Сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 6,7% құрады. Екінші «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелмеді, дафниялар саны 36,7% құрады.

Красноярка өз. және перифитон көрсеткіші нашар болды, түрлік құрамы 3-6 түр болды. «Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» алынған сынамада балдырлардың 6 түрі кездесті, кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,57 тең, сапасы II класс, су сапасы «таза сулар». «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 3 түрі анықталды, түрлердің аздығынан сапробты индексін анықтау мүмкін болмады.

2019 ж. мамыр айындағы макрозообентос көрсеткіштері бойынша Красноярка өз. «Алтайский а. шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамасынан алынған сынамада су сапасы III классқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына

жатқызылады. Бұл жерден Ephemeroptera, Dipteralarvae, Heteroptera, Crustaceae, Mollusca түрлері анықталды. Биотикалық көрсеткіш 6 құрады. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау;» тұстамасынан алынған сынамалардан су сапасы IV класс, «ластанған сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіш 4 құрады.

**Оба өз.** 2019 ж. мамырда алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Шемонаиха қ. Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада және екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% және 6,7% құрады.

Перифитон көрсеткіші бойынша Оба өз. «Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09)» тұстамада балдырлардың 8 түрі кездесті, кездесу жиілігі 2-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,56 тең, су сапасы II класс, «таза сулар». Екінші «Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамалардан балдырлардың 7 түрі кездесті, кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,5 тең, су сапасы II класс, «таза сулар».

2019 ж. мамыр айындағы макрозообентос көрсеткіштері бойынша Оба өз. екі тұстамадан да Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Coleoptera Dipteralarvae, Heteroptera, Crustaceae, Mollusca қауымдастықтарынан жататын 12-13 түрлері кездесті. Биотикалық индекс 9 құрады су сапасы II класқа сәйкес «таза сулар» санатына жатқызылады.

**Емел өз.** 2019 ж. мамыр айында жер беті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар саны тіркелген жоқ.

Мамыр айында Емел өз. алынған перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 5 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-2 болды. Сапробты индекс мәні 1,98 болды. Су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Фитопланктонның даму көрсеткіштері бойынша Емел өз. суының сапасы III класқа жатады, су «орташа ластанған». Сынамада диатомды балдырлардың 8 түрі айқындалды. Балдырлардың ортақ саны 36,7 мың.кл/л, тыс.кл/л, биомасса – 0,0694 мг/л. Басым бөлігін ұсақ жасушалы балдырлар құрады. Сапробты көрсеткіш 1,88 тең.

Зоопланктон сынамасында 3 таксон анықталды. Балдырлардың ортақ саны 0,35 экз.м<sup>3</sup>, биомасса 0,0124 мг/ м<sup>3</sup>. Түрлер санының аздығынан статистикалы нәтиже үшін сапробты көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Мамыр айында Емел өз. макрозообентос сынамасынан су түбі жәндіктерінің Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera, Vermes қауымдастықтарының 6 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс 6ға тең, су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

## 5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,31 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,2 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15. Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак





6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша (№6 ЛББ) Сәтбаев көшесі аумағында және ЕЖҚ= 1% азот диоксиді бойынша Абай және Төле би көшелерінің бұрышы аумағында анықталды (№3 ЛББ) (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлар бойынша азот диоксиді – 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жер беті) – 2,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксиді бойынша максималды бір-реттік шоғырлары – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


## 6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2 сур.).

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады(кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=2%(көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды(1,2 сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды бір-реттік шоғырлар – 1,2 ШЖШ<sub>м.б</sub> , РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ<sub>м.б</sub> , күкіртті сутегі – 1,1 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады(кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды,  $СИ=2$  және  $ЕЖҚ=2\%$  күкіртті сутегі бойынша анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды бір-реттік шоғырлары -  $1,7ШЖШ_{м.б}$  құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану *төмен* болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0 % анықталды (1,2 сур.).

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,4 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 6.6. Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

#### Талас өзені:

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 54,7 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 50,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 52,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 52,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 70,0 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 38,7 мг/дм<sup>3</sup>.

**Талас** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 13,0-18,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,10-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 9,10-9,80 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,67-4,16 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 55,7 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Аса өзені:**

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 94,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 47,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Аса** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 15,0-16,6<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 8,27-9,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,98-2,62 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Аса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 70,5 мг/дм<sup>3</sup>.

**Берікқара өзені** су температурасы 11,0<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 11,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,67 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 32,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Билікөл көлінің** су температурасы 18,4<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 8,46 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 6,90 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ<sub>5</sub> –6,9 мг/ дм<sup>3</sup>, ОХТ – 51,2 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 85,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОБТ<sub>5</sub> және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Шү өзені** су температурасы 14,2-15,6<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 7,58, суда еріген оттегінің шоғыры 8,87 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 4,3 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 31,2 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,003 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Ақсу өзенінің** су температурасы 17,0<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 9,17 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 4,78 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 218,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Қарабалта өзені** су температурасы  $17,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіш 7,75, суда еріген оттегінің шоғыры  $9,69 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,22 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы нормаланбайды ( $>5$  класс): қалқыма заттар –  $296,0 \text{ мг/дм}^3$ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Тоқташ өзені** су температурасы  $17,2^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,70, суда еріген оттегінің шоғыры  $8,99 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,10 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар –  $81,0 \text{ мг/дм}^3$ , магний –  $38,9 \text{ мг/дм}^3$ , сульфаттар –  $375,0 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{Fe}^{3+}$  –  $0,05 \text{ мг/дм}^3$ . Қалқыма заттар, магний және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Сарықау өзені** су температурасы  $15,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры  $9,75 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{ОБТ}_5$   $3,24 \text{ мг/дм}^3$  құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы нормаланбайды ( $>5$  класс): қалқыма заттар –  $177,0 \text{ мг/дм}^3$ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың мамыр айында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 4 класс - Тоқташ және Шу өзендері, 5 класс - Берікқара өзені, нормаланбайды ( $>5$  класс) – Талас, Аса, Ақсу, Қарабалта, Сарықау өзендері және Билікөл көлі.

## **6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны**


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,08-0,23 \text{ мкЗв/сағ.}$  аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша  $0,16 \text{ мкЗв/сағ.}$ , яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## **6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу  $0,9-2,1 \text{ Бк/м}^2$  аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,5 \text{ Бк/м}^2$ , бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

### 7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).


7.1-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)



5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)
---	--	--	--	--



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды. (1,2 сур.)

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғыры ШЖШ-дан аспады (1 кесте).



Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

## 7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербетгі)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербетгі)



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0(төмен деңгей), және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0(төмен деңгей),ЕЖҚ=0% (төмен деңгей)анықталды (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

#### 7.4. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 5 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек өзендерінде, Көшім су арнасында жүргізілді.

##### **Жайық өзені:**

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс):- қалқыма заттар – 33 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 30 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 32 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 25 мг/л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Жайық өзені бойынша су температурасы 13,2-22 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,49-7,56 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 6,50-15,12 мг / дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орташа 2,40-2,92 мг / дм<sup>3</sup> құрады, түсі 9-15 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 30 мг/ л.

##### **Шаған өзені:**

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары.: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 28 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 26 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 13,0 ° С , сутек көрсеткіші 7,48-7,61 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 11,38 мг / дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орташа 2,97-3,02 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі -10 градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 27 мг/ л.

##### **Деркөл өзені:**

- тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 1 класқа жатады:

Деркөл өзені бойынша су температурасы 13,0 ° С, сутегі көрсеткіші 7,45 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,00 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,97 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі -8 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

##### **Елек өзені:**

- тұстама Шілік ауылы: су сапасы 4 класқа жатады : қалқыма заттар – 27 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Елек өзені бойынша су температурасы 13,5°C, сутегі көрсеткіші 7,78 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,50 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,60 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі-12 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

**Көшім су арнасы:**

– тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады : қалқыма заттар – 24 мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық кластан аспайды.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 13,1°C, сутегі көрсеткіші 7,48 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 5,70 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,95 мг/дм<sup>3</sup> құрады, түсі-10 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы мамырдағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады:

1 класс – Деркөл өзені; 4 класс- Елек өзені, Көшім су арнасы; 5 класс- Жайық, Шаған өзендері.

*Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Жайық өзені су қоймасы халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Жайық өзені суының сапасын бағалау қосымша балық-шаруашылық су айдындарына белгіленген ШЖШ мен СЛКИ -ін пайдалану арқылы орындалды.*

**Жайық өзенінде** су температурасы 13,2-22,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,50, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,86 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> – 2,70 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар тобынан (жалпы темір – 1,7ШЖШ) шоғырдан асу байқалды.

2019 жылғы мамырдағы СЛКИ бойынша Батыс Қазақстан облысының аумағында Жайық өзенінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» болып бағаланады.

2018 жылғы мамыр айымен салыстырғанда Жайық өзеніндегі судың сапасы өзгермеген.

## **7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,07-0,21 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,0 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

### 8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жана Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,күкіртті сутегі,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=6 (жоғары деңгей) №8 бекет аумағында (3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ = 18% (көтеріңкі деңгей) озон бойынша №5 бекет аумағында (Мұқанов көшесі, 57/3) анықталды (1,2 сур.).

Озон (жербеті) бойынша орташа айлық шоғырлар- 2,0ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,4ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 1,4ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид – 1,1ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір-реттік айлық шоғырлар – 5,8ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,5ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 1,6ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,3ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,1ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

## 8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).


8.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот



		сынама(дискретті әдіс)	мектебі аумағы)	диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ ( әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром ( Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқымабөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама.** Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.3.-сурет), атмосфералық ластану деңгейі **көтеріңкі** болып есептелді, ол СИ=4 (көтеріңкі деңгей) №2 бақылау бекеті (Ленина көшесі, №10 үйден төменірек) аумағында күкірт диоксиді бойынша және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) №1 бекет аумағында («Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі) күкірт диоксиді бойынша анықталды(1,2 сур.).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғыры -  $1,3 \text{ ШЖШ}_{\text{от}}$ , озон (жербеті) -  $1,8 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$  құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлар  $\text{ШЖШ}_{\text{от}}$  -дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырлары –  $4,2 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$  құрады, күкіртті сутегі –  $3,5 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$ , қалқыма бөлшектер (шаң) –  $1,0 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$ , PM-2,5 қалқыма бөлшектері –  $1,6 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$  құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары  $\text{ШЖШ}$ -дан аспады(1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


### 8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ = 76 % (өте жоғары) және СИ = 4

(көтеріңкі деңгей) № 3 бекет аумағында (Желтоқсанкөшесі, 6,Металлургтар алаңы) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша анықталды (1,2 сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 3,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жербеті) – 2,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 4,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді,күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі,озон (жербеті)



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы

ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.5-кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак,сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ > 10 (өте жоғары деңгей) мәнімен анықталды(1,2 сур.).

*\*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.*

\*2019 жылғы 9,11 мамырда №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкіртті сутегінің (10,1 – 10,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>) 2 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

Қалқыма бөлшектердің (шан) орташа айлық шоғырлары– 2,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шан) максималды бір-реттік айлық шоғырлары 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 9,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 10,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 3,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## **8.6.Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы**

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгірөзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балхаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындады саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

### **Тобыл өзені:**

#### **Нұра өзені:**

